

<sup>1</sup>Бақтыбаева А.Ж., <sup>2</sup>Жазықова М.Қ.

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-ң «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығының 2-курс магистранты,  
<sup>2</sup> Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ доценті, п.ғ.к.

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КРЕАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАЛАСТЫҚТЫҢ РОЛІ

*Аңдатпа*

Мақалада автор «креативтік» терминіне берілген түсініктерге талдау жасай отырып, педагог қызметінде креативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы туралы айтады. Сондай-ақ болашақ маманның креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қалыптастырудың жолдарын бірнеше компоненттерден тұратын модель түрінде көрсетуге талпыныс жасалған.

**Түйін сөздер:** креативтік, креативтік құзыреттілік, болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігі, модель, ғылыми шығармаластық.

<sup>1</sup>Baktybaeva A.Zh., <sup>2</sup>Zhazykova M.K.

<sup>1</sup>2-year undergraduate student in the specialty  
"Pedagogy and methods of elementary education" A.Zhubanov ARSU  
<sup>2</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of  
Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov

## THE ROLE OF SCIENTIFIC COMPARISON IN THE FORMATION OF CREATIVE COMPETENCE OF THE FUTURE TEACHER

*Abstract*

The article analyzes the term "creativity" and notes the importance of the formation of creative competence in the activities of a future teacher. Also presented is a model for the formation of creative competence of a future teacher in scientific co-creation, consisting of several components.

**Keywords:** creativity, creative competence, creative competence of the future teacher, model, scientific co-creation.

<sup>1</sup> Бактыбаева А.Ж., <sup>2</sup> Жазықова М.Қ.

<sup>1</sup>Магистрантка 2-курса по специальности «Педагогика и методика начального обучения»  
АРГУ имени К.Жубанова,  
<sup>2</sup>доцент АРГУ имени К.Жубанова, к.п.н.

## РОЛЬ НАУЧНОГО СОТВОРЧЕСТВА В ФОРМИРОВАНИИ КРЕАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

*Аннотация*

В статье анализируется термин «креативность» и отмечается значение формирования креативной компетентности в деятельности будущего педагога. Также представлена модель формирования креативной компетентности будущего педагога в научном сотворчестве, состоящая из нескольких компонентов.

**Ключевые слова:** креативность, креативная компетентность, креативная компетентность будущего педагога, модель, научное сотворчество.

Адамзаттың жаңа өркениетті қабылдауына орай, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің шығармашыл, жаңаны тез жасауға, қабылдауға икемді, біртума, алдарына қойылған міндеттерді шығармашылықпен жүзеге асыруға талпынатын тұлғаларға деген қажеттіліктерінің артуына байланысты оларды қазіргі заманғы әртүрлі әдіс-тәсілдер негізінде (құзыреттілік, жүйелі-шығармашыл, зерттеушілік, т.б.) дайындау қажеттілігі туып отыр. Бұл қазіргі кездегі маман дайындау сипатының, әсіресе, педагогика ғылымында маман дайындау сипатының жан-жақтылығын көрсетеді, себебі педагог мамандығының басты ерекшелігінің өзі аталмыш қасиеттерді оқушы бойында қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Бұл талаптар болашақ педагогтарда ерекше құзыреттілік – креативтіліктің қалыптасуының өзектілігін көрсетеді. Креативтілік - бұл жаңа педагогикалық өнімді қабылдау мен дамытуға, идеяларды, шешімдерді жасауға және қабылдауға бағытталған, тәрбиеленушілердің креативтік құзыреттілігін әрі қарай қалыптастыруға көмектесетін коммуникативтік, креативтілік, командалық құзыреттіліктер мен тұлға сапаларының (табысқа жетуге ынталандыру, білмекке құмарлық, қауіпке бас тіге білу, белсенділік) бірлігі [1]. Соңғы жылдары И.Е.Брякованың, А.М.Давтянның, Н.В.Зеленконың, Ф.В.Шарипованың және т.б. креативтік құзыреттілікті зерттеуге арналған еңбектері пайда болды.

Сонымен бірге қазіргі заманғы білім беру саласындағы жағдаят гуманистік және гуманитарлық стратегия идеяларына ерекше назар аударады: педагог пен білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты «адамилыққа» бағыттау; педагогикалық қызметті дара-тұлғалық қиындықтарды бірге жеңуге бағытталған бірлескен қызмет ретінде қарастыру және т.б. Т.А.Жданко, О.Ф.Чупровалардың пікірлерінше: «Тұлғаның дамуы мен педагогикалық өзара әрекеттесу тек пән арқылы ғана емес, сонымен бірге өмірлік маңызды жағдаяттардан тұратын өзара әсерлесудің белгілі бір кеңістігін жасау арқылы да жүзеге асырылады» [2]. Бұл негіздеме ерекше педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың қажеттілігін өзектендіреді. Бұл бірлескен ғылыми шығармашылық ізденіс болып табылады, басқа сөзбен айтқанда, білім алушылардың зерттеушілік потенциалын пайдалана отырып, ғылыми зерттеуді белсенді түрде қаржыландыру, жас зерттеушілерге мақсатты гранттар бөлу арқылы, сондай-ақ ҚР аймақтарында ғылыми, ғылыми-зерттеу, инновациялық-технологиялық технопарктер, технологиялар, инкубаторлар, т.б. ашу арқылы оқытудағы зерттеушілік компонентті арттыруға болады. Мұндай тәжірибе өз кезегінде шығармашылық ұжымдар мен командаларда жұмыс істеуге дайын, креативті ойлайтын мамандар даярлау қажеттілігінің өзектілігін көрсетеді. Бірлескен ғылыми шығармаластық (сотворчество) деп біз жүзеге асырылуы өтпелі (мониторинг және диалог) және жүйелі («кездесу», «түсіну», «ойлау», «шығармашылық») фазалардан тұруды жорамалдайтын, әдіснамалық тұрғыдан алғанда герменевтикалық ықпал ережесіне негізделген ғылыми-зерттеу қызметіндегі педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттесу әдісін түсінеміз [3].

Болашақ маманның креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қалыптастыру проблемасын анықтаудың алғышарттары А.Н.Ворониннің, И.П.Ивановтың, А.В.Морозовтың, А.В.Растяниковтың, С.Р.Яголковскийдің және т.б.-лардың жұмыстарында қарастырылған, сондай-ақ ҚР-сында білім беру мазмұнын жаңғыртуға бағытталған ..... құжаттарда бұл мәселеге ерекше назар аударылады. Өз жұмысымызда біз болашақ педагогтардың креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қарау жолдарын модель түрінде көрсетуге талпыныс жасаймыз.

Педагогикалық сөздікте «модель» деп түпнұсқаның кейбір ерекше қасиеттерін елестететін, оны зерттеу бұл объект туралы жаңа ақпарат беріп, оны алмастыруға қабілетті объектілер мен белгілер жүйесі ретінде түсіндіріледі» [4]. Сөйтіп, бірлескен ғылыми шығармаластықта креативтік құзыреттілік қалыптастыру моделі келесі компоненттердің жиынтығынан тұрады: мақсаттылық, әдіснамалық, мазмұндық, ұйымдастырушылық және модульдік. Болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің мақсаты – бірнеше критерийлерден (креативтіліктің өзі, коммуникативтік, командалық құзыреттіліктер), тұлғалық сапалардан (табысқа жету мотивациясы, білуге талпыныс, белсенділік, қауіпке бара білу) және көрсеткіштерден (әр құзыреттіліктің білімі, білігі, тәжірибесі және тұлға сапасының көрсеткіштері) тұратын болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін төменгі, орта және жоғары деңгейлер арқылы анықтау. Модельдің әдіснамалық компоненті құзыреттілік, жүйелі шығармашылық және герменевтикалық көзқарастар түрінде берілген. Құзыреттілік көзқарас аясында креативті құзыреттілік тек жеке білім, білік және

дағдыларды меңгеру ретінде ғана емес, оларды әртүрлі жағдайларда өзін өзі дамытуға, өзін өзі жүзеге асыруға және өзін өзі өзектендіруге бағытталған тұлға дамуының жоғары деңгейі мен тәжірибесіне жету үшін тиімді және өнімді әрекет ету үшін қолдана білу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Жүйелік-әрекеттік көзқарасқа қатысты таным үдерісі білім алушыларға ақпараттарды жеткізу арқылы ғана емес, сонымен бірге олардың өзіндік белсенділік үдерісінде де жүзеге асады. Мұндай белсенділік тұлғаның өз даму траекториясы мен жеке ғылыми мансабын құруда, оны дараландыру мен жекешелендіруде қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін көрсету арқылы жүзеге асырылады. Герменевтикалық көзқарас педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара түсінісуі мәселесінің шешілуіне, нақты айтқанда, ғылыми шығармашылық ақпаратты тек жеткізуге ғана емес, субъектілердің қызметін мазмұндық іздеуге, түсіндіруге, түсінуге негізделеді. Бұл жерде эмоционалдық-адамгершілік әсер адамның педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы әрекетінің маңызын түсінуіне мүмкіндік береді, сондықтан оны бірлескен ғылыми шығармаластық түсінігінің мәні ретінде қарастырамыз.

Әдіснамалық компонентке болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру ұстанымдары жатады, атап айтқанда, ашықтық, үздіксіздік, иілгіштік, түсіністік, диалог, рефлексивтік, доминанттылық, метафоралық. Ю.В.Сенько мен М.Н.Фроловскаялардың зерттеулерінде бұл ұстанымдар келесі белгілерге негізделіп таңдалып алынады: «мәлімделген көзқарастардың орны мен педагогикалық ойлау стилін зерттеудің нәтижелері (түсіну, диалог, басқа доминанттылық, рефлексивтік және метафоралық)» [5]. Аталған ұстанымдарды жүзеге асыру аясында креативтік құзыреттілікті дамытудың дара маршруттарының вариативтілігі, ғылыми және білім беру траекториялары, педагогикалық үдерістің субъектілері арасында субъект-субъектілік өзара қатынасты құрастыру және «өмір бойы білім беру» ұстанымдары, т.б. жүзеге асырылады.

Өзара ғылыми шығармаластықта болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнды компоненті оқу үдерісінде және оқудан тыс уақытта жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Бірінші жағдайда білім алушылар оқу жоспарында берілген педагогикалық пәндерді меңгереді; оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларында зерттеу кезеңдерін өз бетімен өткізу біліктіліктері мен дағдыларын дамытады. Екінші жағдайда жас зерттеушілердің ғылыми қоғам жұмыстарына, үйірмелер мен семинарларға, конкурстарға, гранттарға, әртүрлі деңгейлердегі конференциялар мен олимпиадаларға, т.б. қатысуы ескеріледі. Ғылыми-зерттеу жұмысында болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттесу әдісінің көмегімен жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде ғылыми-зерттеудің қорытындысы ретінде белгілі бір өнім шығарылып және тұлғалық өзгеріске қол жеткізу арқылы өтпелі (мониторинг және диалог) және бірізді («кездесу», түсіну, ойлау, әрекет) фазалар жүзеге асырылады. Сонымен, қойылған мақсатқа жетудің жолы креативтік құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін болжау, бағалау және диагностикалаудан тұратын «мониторинг» өтпелі фазасынан басталады. Бұл фаза болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігінің мәнін негіздейтін диагностикалық әдістеменің (бақылау, сұхбат, шығармашылық, тапсырмалар, шығармашылық нәтижелерін талдау, өзара әрекеттесуді талдау, тесттер, сауалнамалар, социометрия және т.б.) көмегімен жүзеге асырылады.

Бірінші бірізді фаза «кездесу» болып табылады. Бұл фаза герменевтикалық тәсілдің ережелеріне негізделіп, субъектінің басқа әлемге «енуін» «оқытушы – студент», «студент – студент(тер)», «студенттер – оқытушы» форматтарының көмегімен болжайды. Бұл фазада ерекше акцент креативтілікті, коммуникативтілікті, эмпатияны, өзара әрекеттесуді дамытатын тренингтер мен жаттығуларды қолдануға бағытталады. Түсінудің келесі негізгі фазасы «бірсарынды» өтеді, себебі «кездесу» және түсіну фазалары арасындағы шекара адам қатынасының күрделі конструкциясы нәтижесінде шартты болып табылады. Түсіну фазасы «кездесу» фазасын дара, аксиологиялық мағыналармен байытып, жалғастырады. Түсіну эмпатияға негізделеді, яғни субъектілер өздерін басқаның орнына қоюға және өздерінің ішкі түйсіктері арқылы мотивтерді, ұмтылыстарды, мағыналарды түсінуге, сезінуге тырысады. Бұл фазада команда мүшелері идеялармен, ойша пайымдаулармен, түсініктермен, мәтіндермен жұмыс жасайды, мұнда мәтін болашақ әрекеттің мәнін құрастырып, «егер ... не болар еді», т.б. жағдаяттарды талдап, «автордың рухани жолдауы» ретінде көрінеді. Түсіну ойлаудың бастапқы кезеңі болып табылады және өзінің алдына басқаны түсіну міндетін қояды. Мұнан әрі тұлғаның өзіндік сана-сезімінің ерекше объектісі және құрамды бөлігі ретінде ойлау фазасы басталады. Ойлау құрылымына мыналар кіреді: «өзін ойлау субъектісі ретінде тану; «өзінің» және «басқалардың» ойларын жіктеу; шешілмеген проблеманы өз проблемасы ретінде қабылдау; проблеманы өз ойы тұрғысынан

қабылдау» [6]. Бұл фазаны жүзеге асыруда сыртқы табысты әрекеттер, «ойдағы» коммуникация мен әрекет ескеріледі, бұл өз кезегінде өнім жасау мақсатына жетуден тұратын субъектілер әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Ойлау фазасынан кейін мақсаттан, құралдардан, нәтижеден және шығармашылық үдерісінен тұратын әрекет фазасы туады. Бұл фазадағы субъектілер тұлғалық, құндылық және басқа компоненттермен белсенді байытылған «кездесу» және түсіну фазаларының өтуі нәтижесінде басқа әлемге енеді, басқа «менді» түсінеді, әртүрлі деңгейлерде «қабылданған» мінездемелерге ие болады. Осындай «байыған» шығармашылық нәтижесінде әртүрлі формаларда ұсынылған педагогикалық өнім пайда болады: идея (ой), ғылыми мәтін, модель, жобалық құжат, құрал және т.б. Мұнда ғылыми зерттеу қызметінде мазмұнды бейнеленген субъектілердің ғылыми шығармаластығы жүзеге асырылады. Бұл қызметтің нәтижесінде оның нәтижесі ретінде өнім пайда болады.

Ғылыми шығармаластықтың диалог деп аталатын өтпелі фазасы оның негізі болып табылады және «кездесу», түсіну фазаларында жүзеге асады, шығармашылық субъектілер арасында диалог толық құрастырылады. Диалогта ғылыми шығармаластықтың субъектілері басқаның көзқарасын қабылдап және ұстап тұра, өздерінің жеке пікірлерін, жеке «менін» қалыптастырады, басқа тұлғаны, мәдениетті, тануға талпынады. Сөйтіп, ғылыми шығармаластықтың ұсынылған мәні мен логикасы әдіснамалық тұрғыдан герменевтикалық көзқарасқа негізделген өзара байланысты фазалар циклі болып табылады және бұл фазалар барысында мониторинг жүргізіледі.

Ғылыми шығармаластық белгілі бір әдістер, формалар мен құралдар көмегімен ұйымдастырылады. Оқыту әдістерін студенттердің танымдық және шығармашылық әрекетінің дербестік мен белсенділік деңгейін ескеріп жіктеген И.Е.Брякованың топтамасын ескере отырып, құрамына репродуктивтік (дәрістер (эвристикалық, қателермен), кітаппен жұмыс (ғылыми мәтінмен), эвристикалық (іскерлік ойындар, диалог, «миға шабуыл» әдісі, эвристикалық сұрақтар әдісі, ситуациялық жағдаяттар әдісі, эмпатия әдісі, синектика әдісі, себеп-салдарлы диаграмма әдісі, «төтенше жағдай», «әрекет тәсілдері», «ассоциациялар», жаттығулары, т.б.), зерттеу (жобалау әдісі, кейс әдісі, интерпретация, түсіну, моделдеу, эксперимент, т.б.), рефлексивтік (өзара әрекеттесуді талдау әдісі, шығармашылық нәтижесін талдау әдісі, т.б.) әдістер, формалар мен ғылыми шығармаластық құралдары енетін кешен құрастырылады. Формалары: даралық, топтық, фронталды; «оқытушы – студент», «студент – студент (тер), «студенттер – оқытушы» форматтарында, мұнда білім алушылар өздері белсенді қайраткерлер, ал педагог тек бағыттаушы, кеңесші, түсіндіруші болып табылады. Болашақ педагогтың ғылыми шығармаластықта креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі авторлық құралы «Креативтік күнделігі» [7], сондай-ақ портфолио болып табылады.

Болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделінің келесі компоненті модульдік бағдарламада көрініс табатын модульділік болып табылады. Модульдер мақсаттан, құзыреттілік жиынтығы мен тұлғалық сапалардан, материалдар мазмұнынан, ұйымдастыру формалары мен «жеңіл» бақылаудан (өзіндік бақылау, өзара бақылау) тұратын, таңдауда иілгіш және еркін кешендерден тұрады. Модульдік бағдарлама төрт модульден тұрады: пәндік, тренингтік, дәрісханадан тыс, курстық (курс модульдері). Пәндік модуль өтілетін пәндер шеңберіндегі тақырыптар бойынша сабақтар кешенінен тұрады және мұндағы сабақ тақырыптары бұл курстардың мазмұнымен тікелей байланысты. Мысалы, «Педагогикалық зерттеулердің теориялық (эмперикалық) әдістері», «Педагогикадағы жобалау жұмыстары», «Зерттеу өнімдерінің презентациясы», «Педагогикалық жағдаяттарды шешу» және т.б. тақырыптар арқылы пәндер мазмұны және әдістемелік жағынан байи түседі. Тренингтік модуль болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігінің әр компонентін дамыту мақсатында дайындалады, бұл компоненттер: креативтік, коммуникативтік, командалық тренингтер. Дәрісханадан тыс модуль болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін басқарады. Бұл кезең білім алушылардың ғылыми қоғам жұмыстарына, конкурстарға, гранттарға, педагогикалық олимпиадаларға, әртүрлі деңгейдегі конференцияларға және басылымдарға дайындық жұмыстарына қатысуларын көздейді. Курстық модуль «Ғылыми мансаптың бастауы: зерттеу жұмысын қалай жазу және таныстыру керек» атты қосымша білім беру курсынан өтуді көздейді. Аталған модульдерді өзара бірлікте немесе жеке меңгеруге болады, меңгеру барысында басқа пәндерден алынған білімдерді де пайдалануға болады. Оларды таңдау мен жинау мониторинг қорытындысына, субъектілердің дара ерекшеліктеріне, мотивациясына, мақсатына, жеке білім беру траекториясына, т.б. байланысты.

Сөйтіп, болашақ ғылыми шығармаластықта педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметінде мазмұнды орын алатын арнайы ұйымдастырылған үдеріс болып табылады және белгілі бір модульдерді меңгеру нәтижесінде мақсатқа қол жеткізетін, атап айтқанда, болашақ педагогтың креативтік

құзыреттілігіне қол жеткізуге болатын педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әсерлесу әдісі ретінде қарастырылады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Брякова И.Е. Методическая система формирования креативной компетентности студентов-филологов педагогического вуза: пед. гыл. докт. диссерт. – Санкт-Петербург, 2010. – 463 б.*

2 *Жданко Т.А. Образовательно-профессиональное пространство вуза как педагогическое условие формирования конкурентоспособности личности студента: монография / Т.А. Жданко, О.Ф.Чупрова. – Иркутск: ИГЛУ, 2012. – б. 40*

3 *Волков А.Е. Российское образование – 2020: модель образования для инновационной экономики [Электронный ресурс] / А.Е.Волков, Я.И.Кузьминов, И.М.Реморенко, Б.Л.Рудник, И.Д.Фруммин, Л.И.Якобсон – URL: <http://www.hse.ru/data/2011/02/21/1208561970/model2020.pdf> (12.05.08).*

4 *Коджаспирова Г.М. Словарь по педагогике / Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров. – М.: ИКЦ «МарТ», 2005. – С. 55.*

5 *Сенько Ю.В. Педагогика понимания: оқу құралы / Ю.В.Сенько, М.Н.Фроловская. – М.: Дрофа, 2007. – б. 32.*

6 *Современный словарь по педагогике / құраст. Е.С.Рапацевич. – Минск: Современное слово, 2001. – б. 457.*

7 *Шумовская А.Г. Дневник студента как средство формирования креативной компетентности личности (из опыта работы) [Электронный ресурс] // Научно-педагогический журнал Восточной Сибири «Magistr dixit». – Иркутск: ИГЛУ, 2012. – №1.*